

БЕКІТЕМІН
«Шаттық» мектепке дейінгі
ұйымының басшысы м/а:
А.З. Умарбаева
«29» сәуір 2024 жыл



**2024-2025 оқу жылына арналған консультациялық
пункт жұмысының жылдық жоспары**

Терексай ауылы

Консультациялық пункт мақсаты:

Мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға диагностикалық, консультациялық және әдістемелік көмек көрсету.

Консультациялық пункт міндеттері:

1) ата-аналарға (занды өкілдерге) консультациялық қолдау көрсету және балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту мәселелері бойынша педагогикалық құзіреттіліктерін арттыру;

2) белгілі бір себептермен білім беру ұйымына бара алмайтын балалардың әлеуметтенуіне ықпал ету.

Консультациялық пункт жұмысының негізгі бағыттары:

- Диагностикалық көмек көрсету;
- Баланы психологиялық-педагогикалық тұрғыдан зерттеу, бала тұлғасының жеке ерекшеліктері мен бейімділігін, оның әлеуетті мүмкіндіктерін, әлеуметтік бейімделуін анықтау, баланы одан әрі дамыту мен тәрбиелеу бойынша ұсынымдар әзірлеу;
- Консультациялық көмек көрсету;
- Психологиялық, әлеуметтік, педагогикалық консультация беру, ата-аналарды (занды өкілдерді) бала дамуының физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері, тәрбиенің негізгі бағыттарының ықпалы, күйзеліс жағдайларын еңсеру туралы хабардар ету;
- Әдістемелік көмек көрсету;
- Ата-аналарды (занды өкілдерді) ағарту, отбасында туындайтын мәселелердің алдын алуға бағытталған педагогикалық әдістер мен тәсілдер туралы ата-аналарды хабардар ету, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін қалыптастыру, отбасында жағымды қарым-қатынастар орнату, баланың жеке даму ерекшеліктері негізінде түзету және дамыту технологияларымен, отбасы жағдайында тәрбиелеу процесін ұйымдастырумен таныстыру.

Консультативтік пункттің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Мектепке дейінгі мекеменің сайтында консультативтік пункттің жұмысы туралы ақпаратты орналастыру және алдын ала жазылу.	Қараша	Менгеруші
2.	Психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізу (ата-аналардың (заңды өкілдердің) қалауы бойынша).	Жыл бойы	Әдіскер, педагог-психолог, музыка жетекшісі, медбике
3.	Жас аналар клубын құру.	Қараша	Әдіскер
4.	Балалары отбасыларында тәрбиеленетін ата-аналар үшін "Ашық есік күндерін" өткізу.	3 айда 1 рет	Тәрбиешілер, музыка жетекшісі
5.	Балаларды музыкалық мерекелер мен ойын-сауықтарға шақыру.	Жыл бойы	Тәрбиешілер, музыка жетекшісі
6.	Спорттық мерекелерге, жарыстарға, эстафеталарға қатысу.	Жыл бойы	Тәрбиешілер
7.	Балалардың балабақшаның жазғы-сауықтыру іс-шараларына қатысуы.	Мамыр-маусым	Тәрбиешілер, музыка жетекшісі
8.	Ата-аналардың сауалнамасы.	Мамыр	Педагог-психолог
9.	Жас аналар клубына психологиялық көмек көрсету.	Жыл бойы	Педагог -психолог
10.	Жас аналар клубында тәрбиелеу, оқыту және әлеуметтік бейімдеу мәселелері бойынша жеке және отбасылық кеңес беру.	Жыл бойы	Әдіскер тәрбиешілер музыка жетекшісі
11.	Құжаттамамен жұмыс. Тексеру хаттамаларын толтыру. Ағымдағы құжаттаманы рәсімдеу.	Жыл бойы	Әдіскер Педагог-психолог музыка жетекшісі

БЕКІТІЛДІ

МҚК «Шаттық» МДҰ басшысы м/а:

А.З. Унгарбаева

Нөмірінен: 1 бет

